

**"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы"
"Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы"**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 шілдедегі N 666 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы"

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай Жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 274 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 2, 20 - қ ұ ж а т) :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін пайдалы қазбалардың қорлар түрі мен көлемінің тізбесіне сәйкес" деген сөздер мынадай пайдалы қазбаларды: көмір қабаттарынан өндірілген метаннан басқа газды, мұнайды, уранды пайдалы қазбаларын қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Ертіс", "Оңтүстік" және "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 сәуір N 320 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 13, 144-құжат):

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін пайдалы қазбалар түрлерінің және қорлары көлемінің тізбесіне сәйкес" деген сөздер мынадай пайдалы қазбаларды: көмір қабаттарынан өндірілген метаннан басқа газды, мұнайды, уранды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "Каспий", "Тобыл" және "Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі N 407 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 2, 20-құжат):

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін

пайдалы қазбалардың түрлерінің және қорлары көлемінің тізбесіне сәйкес" деген сөздер "мынадай пайдалы қазбаларды: көмір қабаттарынан өндірілген метаннан басқа газды, мұнайды, уранды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК